

Барлауды, өндіруді немесе бірлескен барлауды және өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу және конкурстық ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 199 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1980. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2007 жылғы 20 ақпандағы N 58 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2007 жылғы 20 ақпандағы N 58 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің :

1) "Барлауды, өндіруді немесе бірлескен барлауды және өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу және конкурстық ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 199 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2881 болып тіркелген, 2002 жылғы 24 қыркүйекте N 206 (23855) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған)... бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

2. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 133 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі туралы ережеге сәйкес және өтінушілердің жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық құжаттамаларын әзірлеудің тәртібін ретке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Барлауды, өндіруді немесе бірлескен барлауды және өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу және конкурстық ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі қоса беріліп отырған нұсқаулық б е к і т і л с і н .

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған инвестициялық

бағдарламаларға конкурс өткізу кезінде осы Бұйрықты басшылыққа алсын.

3. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Нұсқаулық тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 199 бұйрығымен бекітілген

Барлауға, Өндіруге және бірлескен Барлау мен Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу және конкурстық ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі нұсқаулығы

Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу және конкурстық ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі конкурсқа қатысушылардың осы Нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Президентінің Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 P000108_ қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережелеріне сәйкес әзірленді.

1. Нұсқаулық Барлауды, Өндіруді немесе бірлескен Барлауды және Өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысуға өтінімге талапты, сондай-ақ конкурстық ұсыныста міндетті тәртіппен берілетін құжаттардың тізбесін қамтиды.

1. Инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысуға өтінім

2. Өтінім Жарлықтың 41-3-бабына сәйкес келуі, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында оның хабарландырылуы кезіндегі Конкурс ережелерінде көрініс тапқан ақпараты болуы тиіс. Бұл ретте конкурстың ережелері туралы ақпараттың конкурсқа қойылған жеке объектілерге де (мұндай жағдайда объектінің атауы көрсетіледі), конкурсқа тұтастай қойылған барлық учаскелерге де қатысы болуы мүмкін.

3. Барлауға (өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге) жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысуға арналған өтінімде ол берілетін кен орыны (жер қойнауы участогы), сондай-ақ

мынадай деректер көрсетіледі:

- 1) өтінім берушінің атауы;
- 2) заңды мекен-жайы, телефоны, факсы, негізгі қызмет орнының адресі;
- 3) мемлекеттік бағыныстылығы (заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);
- 4) заңды тұлғаның және өтінім берушіні білдіретін тұлғалардың басшылары, иелері туралы деректер;
- 5) кәсіпорынның қаржылық жағдайы, жұмыстарды қаржыландыру көздері;
- 6) өтініш беруші - кәсіпорынның немесе болжамды мердігердің (жұмыстарды жүргізу ниеттері туралы шартты қоса берумен) техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері.

Өтінімге қоса берілетін құжаттар тізімі:

- 1) конкурсқа қатысу үшін жарна төлегендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 2) шаруашылық етуші субъектіні тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) өтінушінің техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктерін растайтын құжаттар.

4. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімге қоса берілетін өтінім берушінің техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктері туралы деректер көрсетілген нысан осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген.

2. Конкурстық ұсыныс

5. Конкурстық ұсыныс конкурсқа қатысушылар Құзыретті орган көрсеткен мерзімдерде геологиялық ақпарат алғаннан кейін беріледі және міндетті түрде мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) соңғы 5 жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, өтінушінің бұрынғы қызметі туралы ақпарат;
- 2) өтінушінің қаржылық мүмкіндіктері туралы банктік анықтама;
- 3) өтінушінің жұмыс бағдарламасы мен оларды жүзеге асыруға арналған шығындарын қоса алғанда, барлауды жүргізу шарттары туралы ниеттері;
- 4) өтінушінің келісім-шарттық аумақтағы жерлерді шұрайландыру және қалпына келтіруді қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғауға қатысты ниеттері;
- 5) барлауды қаржыландыру көздері (меншікті немесе несиелік қаржылары);
- 6) геологиялық ақпаратты сатып алу шарттары;
- 7) өтінушінің жер қойнауын пайдалану құқығын іске асыруда ұлттық компаниялармен үлестік ынтымақтастығы туралы ниеттері.

6. Өндіруге арналған конкурстық ұсыныс қосымша мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) өндіруі болжанып отырған пайдалы қазбалардың көлемін қамтитын кен

орындарын әзірлеу жоспары;

2) өндіруді бастаудың күтілетін мерзімі және оның мүмкін экономикалық және техникалық деңгейіне қол жеткізу;

3) өндіруге байланысты шығыстар және пайдалы қазбаларды сатудан түсетін кірістер жөніндегі болжамдардың есебі;

4) Қазақстан Республикасының күтілетін ақшалай түсімдері және келісім-шарттық аумақтың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға күрделі қаржы жұмсалымдары.

7. Бірлескен барлау мен өндіруге арналған конкурстық ұсынымда барлауға да , өндіруге де арналған конкурстық ұсыныстарда белгіленген барлық тармақтар б о л у ы т и і с .

Мұнан басқа конкурстық ұсыныс өтінім беруші, Конкурс өткізу тәртібіне және өтінім берушінің міндеттемелеріне қатысты Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережелерімен танысқандығын білдіретін нұсқауды қамтуы тиіс.

Барлауға, Өндіруге және бірлескен
Барлау мен Өндіруге жер қойнауын
пайдалану құқығын алуға арналған
конкурса қатысу және конкурстық
ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ қ а
1-қосымша

**Өтінушінің техникалық, басқарушылық,
ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктері туралы
анықтамалар беру нысаны**

1. Өтінушінің техникалық мүмкіндіктері туралы деректер бірліктердің саны, кәсіпорын басшысының растауымен және мөрімен бекітілген немесе осындай техникаға ие болушы ұйыммен жұмыстарды жүргізу ниеттері туралы шарты көрсетілумен геологиялық барлау немесе өндіру жұмыстарын жүргізу үшін техниканың бар екендігі туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

№ р/с	Жабдықтың атауы, шығарылған жылы, техникалық жай-күйі	Бірліктер саны
----------	---	----------------

1	2	3
---	---	---

2. Басқарушылық мүмкіндіктері туралы деректер кәсіпорын - конкурса

